

БІЛІМ МЕН БІЛІКТІ ЖАҢҒЫРТАТЫН ЖАҢА БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

NEW PROGRAM AND COMPREHENSIVE EVALUATION OF EDUCATION AND SCIENCE

Kydyrbayeva Amankul UMIRBEKOVNA

Comprehensive school №22, Turkestan/Kazakhstan

Ismailova Aydin SANSYZBAYEVNA

Comprehensive school №22, Turkestan/Kazakhstan



АНДАТПА

Қазіргі әлемде білімнің қоғамдағы барлық саладағы ілгерілеуді қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретіндегі рөлі жүйелі өзгерістерді талап етеді. Білімнің негізгі және ең ұзақ сатысы ретінде, мектеп білімінің жаңа сапасын қамтамасыз етудің түйінді сәті болып отыр, оған әр азаматтың және тұтас қоғамның келешектегі өмірлік табыстылығы байланысты. Оқушылардың және олардың ата-аналарының әрбір индивидумның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын толыққанды білімге құқықтарын қамтамасыз ету үшін жағдай жасаған маңызды. Оқудың нұсқалары мен әдістерінің көптүрлілігі көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы туралы объективті ақпаратпен ілесуі тиіс, оны білім алушылардың жетістіктерін бағалау үрдісінде айқындауға болады. Бағалау үрдісін қайта қарастырудың өзектілігі осы күні білімдегі заманауи стратегиялық міндеттермен, білім сапасына қойылатын халықаралық стандарттарды және заман талаптарын ескеріп, білім сапасының деңгейін арттыру қажеттілігімен, білім беру нәтижелерінің объективтілігін және қазақстандық мектеп түлектерінің ел сыртындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатымен, білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағасына және оны бағалауға бірыңғай талаптарды әзірлеу қажеттілігімен анықталуда. Қазақстанның PISA-2009 нәтижелерін талдау ұлттық білім беру жүйесін, ҚР Білім беруді 2011-2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасыны шеңберінде білім саясатындағы басым бағыт ретінде бағалау жүйесі және білім сапасының мониторингін жетілдіру үшін өзекті келешегін көрсетуде. Педагогикалық практикада қазіргі күні жиі қолданылып жүрген бес бағдық жүйемен бағалау әдістемесі қарапайым да, үйреншікті екені сөзсіз. Бірақ ол саралауға қабілетсіз және бағалардың объективтілігін қадағалауға мүмкіндік бермейді, өйткені оның білім алушылармен өз жетістіктерін өздігінен бағалауын қолдайтын және дамытатын, сонымен қатар, білім беру үрдісінде білім алушы өзінің сәттіліктері мен сәтсіздіктері туралы ақпаратты меншікті жетістіктерін жақсарту үшін ұсыныс түрінде алып отыратындай, кері 4 байланысты жүзеге асыратын нақты және анық критерийлері жоқ. Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі қолданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқамаларымен байланыстыруға, сонымен қатар білім алушылардың бастауыш мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі параметрлерді (критерийлерді) қолдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді.

Кілт Сөздер: Жаңартылған, Критериалды, Дискриптор, Модерация, Рубрика.

ABSTRACT

In the modern world, the role of education as a strategic resource that promotes progress in all areas of society requires systematic changes. As the main and longest stage of education, the key success of providing a new quality of school education is the future success of every citizen and society as a whole. It is important that pupils and their parents create the conditions for full access to education that meets the individual needs of each person. Different training options and methods should be accompanied by objective information about the quality of educational services that can be identified in the process of assessing student performance. The relevance of the assessment process is high on the basis of today's strategic goals in the field of education, the need to improve the quality of education, taking into account international standards of education and modern requirements, the objectivity of educational results and the

competitiveness of Kazakh school leavers, is determined by the need to develop uniform requirements for its assessment. The analysis of the results of the PISA-2009 study in Kazakhstan reflects the current perspectives of the national education system as a priority of the education policy within the framework of the State Program for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 and improving the monitoring of the quality of education. In pedagogical practice, the five-point system, which is usually used today, is inevitably ordinary and easy to use. Nevertheless, this does not allow discrimination and objectivity of the price, since its ability to provide self-assessment of its achievements by students, as well as the knowledge gained in the training process, can be obtained as a proposal to improve one's own success no specific and clear criteria. The application of an evaluation system based on criteria in the educational process makes it possible to identify and improve the system for assessing students' academic performance with the specific tasks of the individual subject, as well as using certain parameters (criteria) that allow students to develop their competencies in the primary school

Keywords: Updated, Criteria, Handle, Moderation, Theme

1. КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осы бағдарламаны іске асыру барысында 2016 жылдың сәуір айынан бастап елімізде бастауыш сынып мұғалімдеріне кәсіби біліктілігін арттыру курстары өткізіле бастады. Мен де Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты Қарағанды облысындағы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұйымдастырған 23 мамыр және 10 маусым аралығында «Жаңартылған бастауыш білім берумазмұны аясында» атты үш апталық курс тыңдаушысы болдым.

Былтырғы жаңа оқу жылынан бастап осы жүйе, яғни әлемдік тәжірибе еліміздің барлық мектептерінің бірінші сыныптарына енгізілді, биыл мен осы бағдарлама бойынша 2 жыл жұмыс істеудемін.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытудың пирадимасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериальды бағалау жүйесіне көшті. Былтырғы жылы осы критериальды бағалау жүйесін бастаған бетте мен өзіме сенімсіздікпен қарап, қалай, қайдан бастарымды білмей жүргенімде бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықты (Оқу-әдістемелік құрал) басшылыққа алып, аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен, аудандық білім бөлімінің әдіскері-Шагинова Сая Даулетовна Топар кентіндегі «Корниенко» атындағы мектебінде «Критериалды бағалау арқылы оқушы білімін бағалау» атты семинар өткізілді. Ол семинарда – критериалды бағалау жүйесінің терминдері мен анықтамалары, қағидаларымен танысып, білім алушылардың оқу жетістіктерін, қалыптастырушы, жиынтық бағалаудың үдерістерін жоспарлау, ұйымдастыру кезінде мұғалімге көмек болатындай, тәжірибелік ұсыныстармен тоқсандық, жылдық баға қою механизмдерін көрсетіліп, түсіндірілгеннен бастап- мен өз-өзімді жинақтап өз бойымнан осы жұмысты саралап өткізіп барып түсіндім деп айта аламын және осындай семинар өткізген аудандық білім бөлімінің әдіскері-Шагинова Сая Даулетовнаға алғысым шексіз.

Сонымен **критериалды бағалау** – оқушының оқу жетістігін бағалау болып есептелінеді. Бұл бүгінгі оқыту жүйесінде өзекті талаптардың бірі болып отыр. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен

өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсіл мен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериальды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады.

Ата-ана үшін де бұл бағдарлама бір жағынан қорқыныш тудырса, екінші жағынан қызығушылық та тудырып отыр. Ата-аналар мәжілістерінде әр оқушының бағалау нәтижесін есеп беру бетшесі арқылы таныстырудың өзі ата-ана мен мұғалімдердің арасында ынтымақтаса жұмыс жасауға ықпал ететіндігін көрсетуде. Кері байланыс бетшесінде алған мәліметтерін, жазған ұсыныстарына қарай отырып, ата-ананың бағдарлама мақсатын түсінгендігін байқауға болады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі біроқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді. Тоқсанның («Дене шынықтыру»), жартыжылдықтың («Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка») және оқу жылының соңында аталған пәндерден «есептелінді»/«есептелінген жоқ» деген белгі жазылады. Жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі дайындайды. Тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізіледі:

(тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым).

Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабақтың барысында жүргізіледі.

Білім алушылардың тоқсандағы оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазбаша түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективтілік және ашықтықты қамтамасыз ету үшін модерация жүргізіледі.

Модерация қорытындысы бойынша білім алушылардың өзгертуге жататын жиынтық жұмыстарының тоқсандық балы қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша қойылатын жиынтық жұмыс балы жоғарылатып, сол сияқты төмендетіліп те қойылады.

Білім алушы белгілі себептермен екі аптаға дейін болмаған жағдайда (ауырып қалуына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, конференцияға, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға (ғылыми жарыстарға) қатысу), білім алушы орта білім беру ұйымына қайтып оралғаннан кейінгі екі аптаның ішінде мектеп жасаған жеке кестеге сәйкес жиынтық бағалауды тапсырады.

*** Бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі.

*** Балл түріндегі білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері осы қағидаларға сәйкес балдарды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша тоқсандық және жылдық бағаларға ауыстырылады. Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушы білімін бағалауға тоқталар болсам, жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериальды бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі,

бастауыш білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериалды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен **дескрипторлары** бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (**рубрикалар**) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін **спецификация** мен **балл қою кестесі** ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқадым.

Топар жалпы білім беретін мектебінің «Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу туралы» 2 – сынып оқушыларының білімін критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерісін үйлестіретін жауапты тұлға болып директордың оқуісі жөніндегі орынбасары Тәуекелова С.Р. тағайындалып, білім алушылардың тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының нәтижесін талқылау үшін модерация өткізуге төмендегі құрамда комиссия құрылды:

Модерация – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс.

Әрбір мұғалім үшін модерацияға қатысу тиімді болып келеді.

Мүмкіндіктері:

- балл қою кестесі ескерілмегендіктен дұрыс жауап қабылданбаған, балл қою кестесінде қате жіберілген, жалпы балл дұрыс есептелмеген, және т.б. жағдайларды анықтау;
- әріптестердің бағалауды қалай жүргізгенін көру;
- бағалаудағы өз тәжірибесімен бөлісу;
- жиынтық бағалаудың дұрыс өтуін, білім алушылардың барлық жауаптарының есептелуін, мұғалімдер арасында бағалаудың айырмашылықтарын талқылау және түсіну;
- балл қою кестесіне өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуі және білім алушылардың алған балдарын қайта қарау туралы шешімдер қабылдайды

«Ғылымға кіріспе» пәні бойынша жиынтық бағалау модерациясының хаттамасы

Жиынтық жұмыстарды стандарттау

Күні:		
Пән	Ғылымға кіріспе	Сынып: 2
	Мұғалімдердің аты-жөні:	Қол таңбалары:
Модерация төрағасы/төрайымы		
Модерацияға қатысушылар:		



Жиынтық жұмыс	Модерацияға дейінгі бағасы	Модерациядан кейінгі бағасы	Шешімді негіздеу
Оқушының аты-жөні	19	19	Ішкі жиынтық бағалау бойынша балдардың қойылуын стандарттау мақсатында 2-тоқсанға арналған оқу мақсаттарына орай оқушы жұмыстарының сапасы мен нәтижесі тексеріліп, талқылаудан өтті. Теске балл қою барысында стандартталған балдарды қою схемасынан ауытқушылық болған жоқ. Модерациядан кейін оқушының бағасы өзгерген жоқ.

БЖБ саны оқу бағдарламасына сәйкес анықталады

БЖБ-ды қандай түрде (бақылау, практикалық, шығармашылық жұмыс, проект, ауызша сұрау, эссе және т.б.) және қай сабақта өткізетінін мұғалім өз бетінше анықтайды

БЖБ тапсырмаларын құрастыру кезінде тек өтілген материалдарды ғана қамту керек

БЖБ үшін тапсырмалар мен дескрипторларды мұғалім өз бетінше құрастырады (әдістемелік нұсқаулықта берілген тапсырмаларды қолдануға рұқсат етіледі)

БЖБ-да максималды балды дескрипторларды ескере отырып, мұғалімнің өзі анықтайды. БЖБ өткізу тоқсан аяқталғанға дейін кемінде 1 апта бұрын жоспарланады

Мұғалімге кез келген қолжетімді және қолайлы формада (электрондық күнделік арқылы ақпараттандыру қарастырылуда) БЖБ нәтижелері туралы оқушыны, ата-ананы ақпараттандыру қажет

3. ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ҚАЙ КЕЗДЕ ӨТКІЗІЛЕДІ?

БЖБ оқу бағдарламасындағы бөлімді аяқтаған кезде яғни, сабақ үстінде 10-15 минут аралығында өткізіледі.

Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында барлық тоқсан бойынша өтілген бөлімдерді қамти отырып, 40 минут аралығында өткізіледі.

Жиынтық бағалау алған кезде тек өтілген тақырыптарды қамту қажет.

Жиынтық бағалауды мұғалімдер өзіміз құрастыруға да болады немесе әдістемелік ұсыныста берілген тапсырмаларды қолдануға да болады.

ТЖБ **спецификацияға** сәйкес болу керек. Спецификация және тапсырма үлгілері әдістемелік ұсыныста берілген.

Тоқсандық бағалау жұмыстарын және балдарды қою кестесін әзірлеу бір параллельдегі барлық сыныптар үшін біркелкі Тест спецификациясы негізінде жүзеге асырылады

- Тоқсандық жиынтық жұмыстар әр түрлі болуы мүмкін (тест, сынақтар, бақылау жұмысы және т.б.);

- Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кестесі мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп, тоқсан басында ата-аналар мен оқушылардың назарына жеткізіледі;

- Тоқсандық жиынтық жұмыс бір параллель үшін бірдей жағдайда өткізіледі;

- Тоқсандық жиынтық бағалауды қайтадан орындауға (көшіруге) болмайды;

- Егер оқушы тоқсандық жиынтық бағалауға белгілі бір себептермен қатыса алмаған жағдайда (ауырып қалуы, конференцияға, олимпиадаға және басқа да ғылыми жарыстарға қатысқан жағдайда), пән бойынша орындай алмаған тоқсандық жиынтық жұмысын мектепке келгеннен кейінгі екі апта ішінде орындауы тиіс; бұл жағдайда тоқсандық жиынтық бағалау жұмысының қосымша нұсқасы қолданылады.

Тақырыптық күнтізбелік жоспарда бөлім бойынша сабақ қарастырылмаған. Себебі бөлім бойынша жиынтық бағалау сабақ үстінде өткізіледі.

Тоқсандық жиынтық бағалау өткізу үшін тақырыптық күнтізбелік жоспарға тоқсан соңында арнайы сағат бөлуді қамту қажет, яғни 1 сағат.

Сондықтан жыл басында тақырыптық күнтізбелік жоспарыма әр пәнге бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалауды енгіздім да, жиынтық бағалауға арналған кесте құрдым.

Осы кесте бойынша бөлім аяқталған бетте жиынтық бағалауды алып, тексеріп, ата-анаға арналған рубриканы таратып беремін. Ата-аналар туралы айтатын болсақ, бағалаудың жаңа жүйесінің артықшылықтарын, тағы да бөліп көрсете аламыз, ата-аналар өз баласының оқығандық деңгейінің объективті дәлелін көреді, бала оқуындағы прогресті қадағалай алады және оқу барысында баласына қолғабыс көрсете алады.

Ең маңыздысы, бағалаудың жаңа жүйесімен балаға сыныпта және мектепте жайлы болатынына сенімді боламыз. Әр оқушының ата-анасы өз баласының орындаған жұмысы бойынша деңгейін біліп отырады.

Қыркүйек айынан бастап алған жиынтық бағалауым бойынша мысалы математика пәнін алатын болсам осы уақытқа дейін бөлім бойынша 4 жиынтық бағалау, 1 тоқсандық жиынтық бағалау өткіздім.

4. МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАСЫ.

Оқушылар бұл жұмыстың барлығына қызығушылықпен қатысты. Алдына ала жинақ тапсырмалардан оқушыға тапсырмаларын, бағалау критерийлерін, рубрикасы шығарылды. Жұмыс уақыты 15 минут болатын. Жұмыс жекелеген оқушыларға қиындық тудырды. Дегенмен, әр оқушы қалыптастырушы бағалау кезінде алған білім деңгейлерін көрсете алды. Ата – аналарға осы жұмысқа байланысты рубрикалар таратылып, таныстырылды.

5. РУБРИКА

Әр ата – ана өз баласының жеткен жетістігі мен кемшілігі туралы мәлімет алды. Әр пән бойынша білім алушының жиынтық бағалау кестесі толтырылды.

6. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ЕСЕПКЕ АЛУ БЕТШЕСІ МЕН ЖУРНАЛЫ

Сыныбымда 9 оқушы бар. Математика пәнінен бөлім бойынша жүргізілген 2 жиынтық бағалау барысында оқушылардың пайыздық есебі шығарылды: 100-81% – 3 оқушы; 80-51% – 4 оқушы; 20-50% – 2 оқушының білім дәрежесі нақтыланды. Осы пайыздарды сайттарынан алынған электронды журналға тіркегенде әр оқушыға болжам бағалары қойылды:

«5» – 2; «4»- 4; «3»- 3

Журналдың әр бетінде мерзім мен тақырыпқа тек 20 графадан бөлінген, сондықтан осыған байланысты келесі шешім қабылданды:

БЖБ және ТБЖ бағалары бірінші беттен басталады – I тоқсан, 2-бетте – 2 тоқсан, 3-бетте – III тоқсан, 4-бетте – IV тоқсан, жылдық баға 5-бетте жазылады

Сонымен критериялды бағалау бізге не береді? деген сұраққа тоқталсам

Мұғалімдерге:



1. Білім беру сапасын арттыруға;
2. Оқытудың сапасын жақсартуға;
3. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;

Оқушыларға:

1. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
2. Рефлексияға қатысуға;
3. Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Ата-аналарға:

1. Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
2. Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;
3. Оқу үдерісінде оқушыға қолдау көрсетуге;
4. Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
5. Баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

7. ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмір мен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Сондықтан оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Бүгінгі заман талабы – жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзыреттіліктері қалыптасуы қажет.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады.

Жаңа бастаманың қашанда қиындығы да қызығы да аз болмайды. Бірақ осы үлкен міндетті абыроймен атқарып, шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай, нәтиже аламыз деп сенемін.

Сыныбымда 9 оқушы бар. Математика пәнінен бөлім бойынша жүргізілген жиынтық бағалау барысында оқушылардың пайыздық есебі шығарылды: 100-81% – 3 оқушы; 80-51% –



4 оқушы; 20-50% – 2оқушының білім дәрежесі нақтыланды. Осы пайыздарды сайттарынан алынған электронды журналға тіркегенде әр оқушыға болжам бағалары қойылды:

«5» – 2; «4»- 4;«3»- 3

Білім алушылардың оқу бағдарламаларының мақсаттарына жетуі білім алушылардың дағдыларын қалыптастырады. Дағдыларды нақты бағалау критериалды бағалаудың негізгі аспектісі.

Төменгі кестеде оқу бағдарламасына енгізілген дағдылар берілген, және олардың дамығаны мен қалыптасқан дәрежесін қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау қажет.

2 Кесте Білім алушылардың ойлау іс-әрекеттері дағдыларының қалыптасуын бағалау. Білу Нақты фактілерді , ақпаратты және оның сипаттамасын біледі және айтып береді. Түсіну Түсінігін дұрыс көрсету арқылы жаңғыртады, ақпаратқа болжам немеседеректі түсінік береді.

Қолдану Бұрында алған білімі мен ақпаратты жаңа немесе бейтаныс мәнмәтінде немесежағдайларда қолданады.Сыни ойлау Ақпараттың немесе идеялардың маңыздылығы мен анықтығы туралы

пайымдау немесе әртүрлі көзқарас жолымен қарастыруы қалыптасқан. Талдау Ақпараттық материалдарды құрастырушы бөліктерге бөлу қабілеті, себебін немесе дәлелін анықтау арқылы ақпаратты әртүрлі қорытындылар алу үшін зерделеу, ой қорытындысын және/немесе жалпы ережелерді дәйектеу үшін дәлелдемелердің шешуін таба біледі. Жинақтау Бұрында алған білімдердің әртүрлі бөліктерін жаңа мәнмәтінде қайта жаңғырту қабілеттерін көрсетеді. Бағалау Идеялар мен фактілердің маңыздылығы туралы белгілі бір критерийларға қарап пайымдауы қалыптасқан.

Коммуникациялар Өз қызығушылығы мен көзқарасын негіздеу арқылы, адамдармен өзара әрекеттестік пен өзара келісу, басқа адамдардың көзқарасы мен қызығушылығын қабылдай алу қабілеттері. Тыңдалым арқылы коммуникациялар.

Оқу бағдарламасы аясында әртүрлі тақырыпқа айтылған ауызша пікірлердің мазмұнын түсінуі және ондағы кілтті ақпаратты бөліп көрсетуі; сөйлеушінің пікірін танып білуі; сөз мағынасының мәнмәтінін анықтауы; оқушының деңгейіне сәйкес, әртүрлі стратегия қолдану арқылы әртүрлі тұрпаттағы мәтін мазмұнын түсінуі, қабылдауы;

Тілдік пәндер бойынша сөйлеу әрекетінің 4 түрі бағалануы тиіс екенін есте сақтау қажет: тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым.

Сөйлеу әрекетінің түрлері Дағдылар Сипаттама Тыңдалым арқылы коммуникация (тыңдалым)

- Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға қатысты айтылған ауызша пікірлердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты бөліп алу;

- Сөйлеушінің пікірін түсіну;

- Мәтін бойынша сөздердің мағынасын анықтау;

- Түрлі стратегияларды қолдану арқылы білім алушылардың деңгейіне сәйкес келетін әртүрлі мәтіндердің мазмұнын қабылдау және түсіну: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, таныс сөздерге, фразаларға және сөйлемдерге сүйенумен қажетті нақты ақпаратты, мәтіннің бөліктерін таңдау және түсіну.

Жазылым:

- Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға байланысты жазбаша жұмыстарды жоспарлау, жазу, редакциялау және түзету;



- Нақты және ойдан шығарылған оқиғалар туралы жаза білу, оқылғаны туралы сыни пікірлер беру білігі;
- Орфографиялық және грамматикалық қателер жібермей барынша сауатты жазу;
- Белгілі стильді ұстану;
- Түрлі байланыстырушы сөздерді қолдану арқылы параграфтағы сөйлемдерді байланыстыру.

Оқылым арқылы коммуникация:

- Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы әдеби және ғылыми мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты белгілеу, ақпаратты іздеудің түрлі стратегияларын қолдану;
- мәнмәтін бойынша сөздердің мағынасын анықтау;
- автордың қарым-қатынасын және пікірін түсіну;
- сөздердің мәнін тексеру және оқығанды терең түсіну үшін қағаз және электронды тасымалдағыштардағы түрлі дереккөздерді қолдану.

Айтылым:

- Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы сұхбаттасу барысында ресми және ауызша сөйлесу стильдерін қолдану;
- қажетті ақпаратты алу үшін неғұрлым күрделі сұрақтар қоя білу білігі;
- өз пікірін айту;
- күтпеген түсінікке жауап беру;
- тапсырманы орындау барысында құрдастарымен қарым-қатынас жасау; арнайы лексиканы сауатты пайдалану;
- хикаялар мен оқиғаларды мазмұндау. Білім алушылардың жетістіктерін бағалауда маңыздысы, жиынтық бағалауды жүргізгенде мұғалімдер мен білім алушылардың бағалау критерийлерін біркелкі түсіну. Осы жағдайда білім алушыларды бағалау критерийлерімен жиынтық бағалауды өткізер алдында таныстыру керек және туындаған сұрақтарды талқылау керек. Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Тиянақтау процесінде білім алушының оқу бағдарламасына сәйкес біліктілігі мен дағдыларын көрсететін дәлелдерді жинақтау жүзеге асырылады. Әдістемелік әзірлемеді білім алушылардың тарауды тоқсанды және оқу жылын аяқтағанда игерілген білімі мен қалыптасқан дағдыларының интегралды деңгейін анықтау үшін жиынтық бағалауды қолдану бойынша ұсыныстар берілген. Білім алушылардың дайындық деңгейі әрбір білім беру аясының ерекшелігін ескере отырып нұсқаланған, оқытудың күтілімді нәтижелері арқылы анықталады.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Әдістемелік материалдардың толық ресурсы: оқу бағдарламалары, оқулықтар, күнделікті сабақ жоспарлары, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, бағалау жөніндегі ұсынымдардың бәрі де дайын. Әр пән бойынша қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағын сайттарынан пайдаланып отырдық. Жинақ тапсырмалары оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған. Бағалау критерийлері мен



дескрипторлары бар тапсырмалар мұғалімнің ұқсастапсырмаларды құрастыруына, іріктеуіне, білім алушылардың оқу мақсаттарына жету бойынша сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруіне көмектесетін үлгілер болып табылады. Жинақта ұсынылатын сипаттама білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, тапсырмаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, бейімдеуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау барысында оқушының білім деңгейлерін есепке алу журналы толтырылып отырды. Оқушы орындаған әр тапсырма барысында берілген дескрипторды басшылыққа ала отырып, әр оқушы жұмысына кері байланыс жазылып отырды және оны оқушы портфолиосына салынып, жинақталды.

Ата – анамен байланыс орнату мақсатында апта сайын оқушының білім деңгейлері туралы хабарлама беріліп отырды.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Биылғы жаңа оқу жылынан бастап осы жүйе, яғни әлемдік тәжірибе еліміздің барлық мектептерінің бірінші сыныптарына енгізілді.

Мемлекет басшысының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 76,79, 89-қадамдарын және Білім мен ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Білім және ғылым министрлігі жаңаша білім мазмұнына кезең-кезеңімен көшу жұмыстарын бастады. Білім беру жүйесіне енгізілетін реформа, ең алдымен, оқушыларға сапалы білім беруді, болашақта олардың әлемдік бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етуді көздейді.

Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Тәжірибеден өткізу барысында бұл бағдарламаның ерекшелігіне көз жеткізе түскендеймін. Соның бірі коммуникативтік төрт дағдыға баса назар аударылуы. Осыған дейін оқылым мен жазылымға аса мән беріліп келсе, жаңа білім беру мазмұнында ең бірінші тыңдалым және айтылымға мән берілуінің қоғамдық қажеттіліктен туындағандығын тәжірибе барысы дәлелдеді. Себебі, тыңдалым дағдысының 6 жастағы балада емес үлкендер тарапында да жетіспейтіні жалған емес. Тыңдалым болмаған жағдайда қалған үш дағдының өз нәтижесін бермейтіндігі айдан анық жағдай. Сондықтан қазіргі күні оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыруда. Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз

нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айта аламын. Әр пәнде үш тілділік саясатының жүзеге асуы және барлық пәнге тән ортақ тақырыптың болуы, сабақтың кіріктіріле өткізуге негізделуі оқушының белгілі бір тақырыпты жан-жақты қырынан зерттеуіне, өз бетімен тұжырым жасауына ықпал етеді.

Ата-ана үшін де бұл бағдарлама бір жағынан қорқыныш тудырса, екінші жағынан қызығушылық та тудырып отыр. Ата-аналар мәжілістерінде әр оқушының қалыптастырушы бағалау нәтижесін есеп беру бетшесі арқылы таныстырудың ата-ана мен мұғалімдердің арасында ынтымақтаса жұмыс жасауға ықпал ететіндігін көрсетуде. Кері байланыс бетшесінде алған мәліметтерін, жазған ұсыныстарына қарай отырып, ата-ананың бағдарлама мақсатын түсінгендігін байқауға болады.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериальды бағалау жүйесіне көшті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Педагогикалық шеберлік орталығы
2. Педагогика кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары. Жалпы ереже. ҚР БҒМ №18 бұйрығы. Астана, 18.01.2017.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ереже / Ресми басылым. Астана, 2012. (ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж. №1080 қаулысы бойынша)
4. Оқу бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ – NIS-Program Астана, 2017

